

БҮЛБҮЛ ҮНІ ҚҰЛАҚТА



Күләш Байсейітованың қабірінің басына мәрмәрдан орнатылған құлпытас (Жетісу, Алматы)

Бұлбұл! Бұлбұл деген қандай жақсы еді?! Және бұлбұлдың да артықша асылы бар-ау! Сен сол сайрағыш табиғаттың ең биік төрінде сирек ұшырасатын аса сүйікті де әсем үн едің ғой.

Саған халық – ананың өзі ат қойған. Мынау кең дала, көкшіл орман, заңғар тау аймағын, буырқанған дария, ұшан-теңіз жағаларын жайлаған жалпақ та жарқын елде сен «біздің бұлбұлымыз» деген жан жоқ. «Күләш бұлбұл», «бұлбұл Күләш» деп осынау екі сөзді бір түбір іспетті ұғынбаған қайсысы? Жоқ ол.

Қайран бұлбұл қыз! Сен сұлулықтың шынайы досы, таза махаббат пен бірліктің, биік адамгершіліктің тамаша жаршысы едің. Сен сайрағанда тағы бір шаттық жақындағандай, тағы бір ғажайып таң атып келе жатқандай сезінуші едік.

Рас, туған мекенің де күнестегі әдемі тау, әсем бақтың саясы болатын. Рас, сен өз жаныңдай кіршіксіз мөлдір бұлаққа сәбише күле қарауға құмар болдың. Мөлдіреп қарауды – бұлақтан, жадырап күле қарауды – Отанымыздың ақжарқын күнінен үйрендің.

Мөлдір бұлақ сәулесінен сонау биіктегі ақша бұлтты талай көрдің. Бір кезде кішкене басына бөкебай болған, үй қоянының түбітіндей әсерлі ақ бұлт бертін келе қиялыңды ғана емес, өзінді де көк жүзінде қарсы алатын болды. Сен небір шыңдар үстімен бақыт көгіне талай-талай ағып ұшып, сапар шектің.

Адам – өмірдің жолаушысы ғой. Әркім-ақ бел-белеске үдере қонып, өтер болар. Бірақ сен бірыңғай жайма-шуақ емес, небір сұрапыл мезгілдің де тынымсыз ауыр сапарын, сын сағаттарын басыңнан өткердің: күрестің ылғи алдыңғы шебінен, қашан да арпалыс ішінен табылып, бұрынғыдан да асқақ сарайдың, отаншыл санатында өмірді қорғауға ұрандадың, ұлы Жеңістің хабаршысы болдың.

Өнімді ой дүниесінің, орасан үлкен қайраттың қайнар бұлағы бар еді сенде. Арғы-бергіден қалған данышпандық пен өз ғасырының даналығы сені дәйім қанаттандырып, аз өмірінде қай биікке самғатпады сені!.. Сертіне берік мәңгі жастықтың ұлы тұлғаларын сенің өшпес ұлы талантың көкейімізге ұялатқан. Қайтіп қана ұмытармыз біз оны?!

Қатал заман мазағына берілмей, жыртқыш тырнақтан пәк денесін ала қашқан ару Қыз Жібек ендігі тарихта сенімен бірге.

Ұрпақтар жүрегінде екеуің бір ұғым болып өмір сүресіңдер. Уа, Татьяна! Ол да сенімен мәңгі туыс. Данышпан қыз махаббаттан айықпас дерт тапқан шағында құсадан ұзақ уақыт жалғыз қалып, жан шерін, арман-өкінішін хатқа жазар еді. Ащы дауыспен алыс-алыс шырқар еді.

Залдан әлденеше дүркін жылап шықсақ та, Татьянаға қайта-қайта күлуші едік, гүл апарып беруші едік біз оған. Татьянаны күліп, ақ жүзі сәл ғана тершіген қазақ бұлбұлы қабылдар еді. Қара көзі жаудырап: «Рақмет!» дер еді ол бізге. Жаңа ғана сахнада ұлылықпен тілдескен қыз ойыннан кейін жымия күлер еді де, қалың көптің арасына еніп, көзден ғайып болушы еді.

Айта берсек, Күлекең де бір жыр-дастан ғой. Осы жырды шертпек бізге парыз да. Ол атқарған әр роль өзгеше бір хикая десе болғандай-ау.

Сырласа келіп, бір образ жайлы сұрасаңыз: «Мен сөйлей білмеймін ғой және айта қоярлық дәнеңе де болған жоқ қой», – деп тағы да сәл жымиып күлер еді, сөздің бетін қайтсе де басқа жаққа бұрар еді. Жаңағы Татьяна образы жайлы бұдан оншақты жыл бұрынғы бір әңгімемізде (газет тарапынан болған ресми әңгімеде) дәл осылай дегені әлі есімде. Енді ойласам, бұл да ұлылық екен.

Халықтың асыл қызы қайтыс болды. Біз енді Күләшсіз қалдық. Аяй білмес ажал табиғат заңынан да тысқары асығыстық істеп, оны біздің арамыздан тым-ақ ерте әкетті. Аса ауыр қаза болды бұл. Міне, осындай зілді сағатта жан сергітердей бір дәруіш болмаса, көркем ұғымды құрметтей білетін әр адамның жаны жүдеп кеткен болар еді. «Пушкинсіз Ресейдің бетіне қайтіп қана тура қарай аларсың?» – деген Гоголь қайғысы басқа түсер еді. Сол қасіреттен бізді сақтайтын дәруіш – заман күші. Таланттың өлімін мойындамайтын, оны әрқашанда өмірде деп есептейтін заман ұлылығына осындайда ерекше бір мақтанышпен бас иеміз. Өмір бойы көкірегін құрметке, құшағын гүлге толтырып өткен ұлы таланттың тәтті үні құлақта, ыстық жүректің терең түбінде. Оның үні әр үйдің сандығында да сақтаулы қалды. Халық қашан болса да сүйікті бұлбұлын сайратып қойып, рахат құшағында өмір кешеді. «Жер алды» деген ұғымнан айныр да ол әлі. Күләш деген асыл аты да небір сәбімен бірге жарық дүниеге сан рет оралар.

Адам соңынан адам жетілмегін, кейінгінің алдыңғы толқыннан да озық болмағын көздеу – Күләш өмірінің көпке мәлім өнегелі тәртібі еді. Осы ережені ардақтап өткен ол небір алғыр таланттарға ұстаз болды. Бұған қоса өнер әлеміне келмей жатып, көкірегі ісіп-кебетін даңғойларды шенеу де кішіпейіл, қарапайым асыл жанның кейінгіге бір мұрасы есепті. Бұдан аз жыл бұрын осындай бір әншіміз жайлы ол былай деп еді:

– «Москва» қонақ үйінде мен бір жақсы көретін сіңлімнің бөлмесіне келдім. Бөлменің ортасындағы стол үстінде орындық, оның үстінде өзі ән салып, жаттығып тұр екен. Осы қалпында мен оны онша жақсы көрмей қалдым: кісі өскенде солай да биіктей ме?

Міне, бұл барынша сыпайы айтылған қатал әрі әділ сын. Мұндай сынды көркемөнер пайдасына Күләш әрқашанда жұмсай білді.

Иә, Күләш аса талантты, ғажайып әнші, ұлы актриса, адамгершілігі мол асыл жан еді. Сол себепті де ол әр үйге туыс, жақын сезілді. Сол себепті де оның елге таныс дидары хатқа түсерде көп ұлтты қала халқы тұтас күңіренді. «Қош бол, бұлбұл!» – деген сөздерді зират ішіндегі ну бақтың әр бұтағы қазақ, орыс, қырғыз, ұйғыр тілдерінде күрсіне сыбырлағандай болды. Марқұмның өзі сан рет шырқап, құлаққа әбден үйреншікті болған «Енді есен бол, туған ел» ариясы жауап қатты халыққа. Сол сәтте әркімнің ой түкпірінде бұлбұл қайтадан сайрап кеткендей, ашық көкке атылған оқ найзағайша шатыр-шұтыр ете қалғанға дейін бүкіл жамағат тынып, ұйып қалды...

Жылдар өтер. Қасиетті қабір үстінде талай гүл өсер де семер. Бірақ асыл жанның мәрмәр мүсіні Алатауға, сонау алыс шатқалдағы мәңгі жас қарағайларға өзінің өмірдегісіндей күле қарап тұрар. Уақыт оның ақ дидарын әр жолы шыққан күн шапағымен, нұр жаңбырдың гауһарымен жуар. Ұрпақ соңынан ұрпақ келер. Ел-жерге үнсіз тұрып, өшпес даңққа бас иер.

«Қазақ әдебиеті». – 1957. – 14 маусым